

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

ШАҒЫН ТАЛАПТАР СОТЫНДА

2025 жылғы 22 шілде

№ AIFC-C/SCC/2025/0014 іс

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ ӘКІМШІЛІГІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Талап қоюшы

қарсы

WEBTN LTD

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Патрисия Эдвардс

БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 12 мамырда талапты қарау басталғаннан кейін;

және Қарсылық ұсынылмағанын ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП;

БҰЙЫРЫЛАДЫ:

1. Жауапкер 2025 жылғы 25 шілдеде Астана қаласының уақыты бойынша сағат 16:00-ге дейін Талап қоюшыға 1 615 122 теңге төлеуге міндетті.
2. Сот шығындары туралы бұйрық шығарылмайды.

ШЕШІМ

1. 2024 жылғы 30 сәуірде тараптар қосалқы жалға алу шартын жасасты, оған сәйкес Жауапкер 2024 жылғы 1 мамырдан 31 желтоқсанға дейін № 153 кеңсені ай сайын 501 000 теңге мөлшерінде жалдау ақысы үшін Талап қоюшыға қосалқы жалға берген (IV-тармақ).
2. Талап қоюшы 2024 жылғы 1 тамыздан 24 қыркүйекке дейінгі кезең үшін 901 800 теңге мөлшеріндегі жалдау ақысын төлеуді талап етеді. Жауапкер қарсылық ұсынған жоқ.
3. 2024 жылғы 23 қыркүйекте Талап қоюшы Жауапкерге қосалқы жалға алу шартын 2024 жылғы 24 қыркүйектен бастап бұзу туралы хат жолдады, бұл қосалқы жалға алу шартының 1-қосымшасында қамтылған Жалпы ережелер мен талаптардың («ЖЕТ») 24-тармағына сәйкес жүзеге асырылды.
4. ЖЕТ келесі ережелерді қамтиды:

«15 ЖАЛҒА БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

15.1 Жалға беруші Жалға алушыдан жалдау ақысын уақтылы төлеуді және Шарт бойынша өзге де міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге құқылы.

...

16. ЖАЛҒА АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

...

16.2.2 Жалға алушы жалдау ақысын төлеу мерзімі келген кезде қандай да бір ұстап қалусыз, есепке жатқызусыз немесе қарсы талаптарсыз төлеуге міндетті;

...

17. ЖАЛДАУ АҚЫСЫ

17.4 Жалға алушы барлық төлемдердің белгіленген мерзімде Жалға берушіге және/немесе оның банкіне түсуін қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды және қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

17.5 Егер Жалға алушы Шартқа сәйкес төлеуге тиіс қандай да бір соманы төлемесе, Жалға

беруші ... төленуге тиіс, бірақ төленбеген кез келген ақша қаражатына қатысты қолданылатын мөлшерлеме бойынша пайыз өндіріп алуға құқылы, және мұндай пайыздар төлем мерзімі өткен күннен бастап толық төленгенге дейін ай сайын есептеледі. Пайыз мөлшерлемесі төлем валютасы бойынша төлем орнында қолданылатын негізгі қарыз алушыларға арналған қысқа мерзімді кредит беру бойынша орташа банктік мөлшерлеме болып табылады.»

5. ЖЕТ-тің 23-тармағына сәйкес тараптар барлық даулар АХҚО Сотында ерекше тәртіппен қаралуға тиіс деп келісті. Талап қоюшы жалпы сомасы 1 615 122 теңге мөлшерінде талап қойды, бұл шамамен 3 024 АҚШ долларына тең. Бұл сома 150 000 АҚШ долларынан аз болғандықтан, талапты АХҚО Сотының Ережелерінің 28.1(1)-тармағына сәйкес Шағын талаптар сотында қарау орынды.
6. Жауапкер талап етілген жалдау ақысының төленгенін растайтын ешқандай қарсылық немесе дәлелдеме ұсынған жоқ. Сондықтан сот Талап қоюшы Жауапкерден жалпы сомасы 901 800 теңге мөлшеріндегі жалдау ақысын өндіруге құқылы деп есептейді.
7. Талап қоюшы сондай-ақ ЖЕТ-тің 17.5-тармағына сәйкес пайыздарды өндіруді талап етеді. Осы тармаққа сәйкес пайыздар мерзімі өткен төлемдерге есептеледі және ай сайын есептелуге тиіс. Пайыз мөлшерлемесі — «төлем валютасы бойынша төлем орнында қолданылатын негізгі қарыз алушыларға арналған қысқа мерзімді кредит беру бойынша орташа банктік мөлшерлеме». Талап қоюшы ұсынылған дәлелдер мен есептеулерге сәйкес есептелген пайыздардың жалпы сомасы 713 322 теңгені құрайды. Жауапкер бұл мән-жайға дау келтірмеген.
8. Сот Жауапкер Талап қоюшыға 901 800 теңге мөлшеріндегі жалдау ақысын, сондай-ақ 713 322 теңге мөлшеріндегі пайыздарды төлеуге міндетті деп есептейді.
9. Сот шығындары туралы бұйрық шығарылмайды.

АХҚО Шағын талаптар соты қабылдады,

Патрисия Эдвардс,
Судья, АХҚО Шағын талаптар соты

Өкілдік:

Талап қоюшының атынан «АХҚО Әкімшілігі» АҚ-ның Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры Аида Мукужанова ханым өкілдік етті.

Жауапкер өкілдік етілмеді.